

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Акмолинская область

Асанқызы Жазира	2
Асылбек Ақерке	5
Аятхан Мөлдөржан.....	8
Балгожина Гульзат.....	10
Бегалин Сағынай.....	13
Бижанов Нариман	16
Дашын Күлзира.....	17
Жетпісов Рүстем.....	21
Кабикенова Мөлдір.....	23
Калиакбарова Карина	27
Касымхан Мақпал.....	30
Құлке Нұрсұлтан	34
Ондасынова Айгерім	38
Серікпаева Гүлім.....	41
Сулейманова Диана	43
Түрекеш Ботагөз	46
Умарова Балзира	48
Шуйнші Елік.....	51

Асанқызы Жазира

10-сынып, Мариновка қазақ орта мектебі

Атбасар ауданы Ақмола облысы

Жетекшісі: Тонтакаева Қаламқас Қайркенқызы

Ерлік – ел мұраты

Дүниеде, тарихта ер елден артық ел бар ма?!
Ер жолымен өткен елдердің тарихынан сұлу тарих бар ма?!
Елін «ел екен» дегізіп өткен ұлдарға өлім бар ма, сірә да?!
Мұхтар Әуезов

... Соғыс деген, сойқандардың қолындағы найзасы,
Қолданады, долданады, таусылғанда айласы.
Соғыс деген, соғыс деген – зұлымдықтың айнасы,
Біреулердің шығыны да, біреулердің пайдасы,

- деп қарғыс атқыр соғысқа сипаттама бере отырып, оның жағымсыз әрекеттерін жырлаған поэзияның Хантәңірі Мұқағали Мақатаев «соғыс» сөзінің толық мағынасын ашты. Аталарымыз бен апаларымыз осындай алапат сойқанда рухын жүдетпеуге бекініп бар күшін жұмсады. Аталарымыздың ерлік рухы грек ертегісіндегі Прометейді есіме түсіреді. Адам баласына жақсылық жасауын ізгілік іс деп ұғынған, сол жолда алған бетінен қайтпаған әкелеріміз бен аналарымыздың әр күні теңдесі жоқ ерлікке толы еді. Олар от пен оққа қарсы тұрды, жеңіске жететін жолын тапты. Қара нар өлерінде боздап өледі, дегендей әкелеріміз бен аналарымыз ұрпағын жаңа ғасырға жетелеуде шыдамдылық пен қайсарлығын өнеге ете білді.

Өнегелі өмірін үлгі етерлік Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Өлшеусіз өжеттілік пен жеңіске мұқалмас ерлік – жігер танытқан қос қарлығаш біздің мәңгілік жүрегімізде сақталады. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов атамыз болса, аты аталмай, ерлігі жазылмай қалған қаншама боздақтар, десеңізші.

Жерлестеріміздің жауынгерлік даңқы, әсіресе, Москва түбіндегі шайқаста шықты. Бұны мақтанышпен айтуға тұрарлық ерлік деп есептеймін. Олар қасық қаны қалғанша шайқасты. Бәрі дерлік қаза тапты, бірақ жауды өткізбеді.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Аштық, сұрапыл қуғын, сүргін, соғыс өртінің болат шыңжырлы құрсауын бұзып шыққан батырларымыздың есімдерін келер ұрпақ тарихына алтын әріппен жазса да артық емес. Себебі біз, болашақ ұрпақ, бабаларымыздың ерлігін біліп, естіп, көріп өсуіміз керек деп ойлаймын. Сонда ғана ұрпақтар сабақтастығы болып, мемлекетті көркейте аламыз.

Отты жылдардың өшпес даңқы қаншама уақыт өтсе де ұмытылған жоқ. Қанқұйлы басқыншылардың бейбіт жатқан елімізге тигізген ауыр зардаптары есепсіз. Бұл — қаһарлы қара күнді бастан кешкен майдангер жауынгерлер мен тыл еңбеккерлердің бойындағы бүкіл күш қуатты сарқып жеткен Ұлы мереке. Олар көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік қасиет әркезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендердің де еңбегі жоғары ілтипатқа лайық. Себебі олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да Жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығымыз шексіз. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты.

Иә, соғыс кезінде қаншама жастар қыршыннан қиылды. Олар Отан үшін жанын пида етті. Ал олардың әрқайсысының анасы, баласы, сүйген қыздары, үлкен-үлкен армандары бар еді. Бірақ олар елге қауіп төнген кезде барлығын да құрбан етті. Жап-жас болса да Отанын қорғап жатып жан тапсырды. Бұл — шынында да нағыз ерлік болатын. Сұрапылдарға қарсы тұрып елін сақтаған, намысын ту еткен азаматтарымыздың құдірет күші бүгінгі бізге аңыз, қалай мақтасақ та, мақтансақ та тұрарлық.

Бауыржан Момышұлының жеке бастың ерлігі неден бастау алатынына ой тастасақ:

Мен істеді дегенше,
Мың істеді десеңші,
Мың істеді дегенше,
Ер істеді десеңші,
Ер істеді дегенше
Ел істеді десеңші...

- деген сөздері еріксіз есіме оралады. Бұл жерде жалғыздың шаңы шықпайды демекші, бірліктің арқасында нәсілі мен дініне қарамай Отанын азат етуге жұмылған ұлт өкілдерінің қайсысын алсақ та батырға лайық.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Әлемді дүр сілкіндірген 1941жылда басталған оқиға Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында 1945 жылы 9 - мамырда Ұлы Жеңіспен аяқталды. Биыл Жеңістің 71 жылдығы.Қазақстандық құрамалардың жауынгерлік жолы 1941 жылғы қаһарлы шақта Мәскеу түбінен басталып, 1945 жылғы көктемде Берлинде аяқталды.

Бұл Жеңісті ұзақ күтті. Иә, біздер жеңіске жеттік. Біздер жер бетіне жеңіс туын тіктік. Бұл күнді аңсап мыңдаған, жүз мыңдаған боздақ көз жұмды. Жеңіс жолында жанын пидә етті. Тірі қалғандар көзінен жасы парлап тұрып сол күні қуанды. Олар бізге «Жеңіс» атты қасиетті де қастерлі сөзді сыйлап кетті.

Бұл күн - талай жылдар бойы бейбіт өміріміздің бастауы болған күн .

Бұл күн - Адамзат тарихындағы ең ауыр қантөгіс соғыс аяқталған күн.

Бұл күн - Фашизмді жеңген қаһарман халқымыздың мереке күні .

Бұл күн - осынау қуаныш үшін өмірлерін қиған боздақтарды еске алу күні.

Бұл күн - үйіне, отбасына, ата - анасына оралмаған аталарымыз бен ағаларымызды сарыла күткен сағыныш күні.

Бұл күн – сол бір қанды қырғыннан қайтпай қалған қыршын боздақтардың асқақ рухтардың аспандайтын күні.

Бұл күн – әділеттің әділетсіздікті жеңген күні.

Бұл күн – бүгінгі ұрпақтардың сіздер сыйлаған бейбіт даму жолын одан әрі жалғастырып жатқан күні.

Халқымыздың басы бүтін, қара шаңырағы тыныштықта болса, біз де өз үлесімізді қоссақ . Бұдан үлкен бақыт бар ма? Себебі қазіргі кезде жан-жақта , көршілес елдер арасында да дау-жанжал, тартыс та жоқ емес. Бірақ біздің еліміздің халқы бірлік пен ынтымақтың арқасында бейбіт өмір сүріп отырмыз, лайым алдағы уақытта да осылай боларына сенемін.

Елі мен жері үшін жанын пидә еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралғаны, оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіріп отырғанымызға биыл «аттай» 71 жыл.

Жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың, аты мүлде аталмай қалған белгісіз солдаттардың, бүгінде азайып қалған майдангерлердің рухына бас ие отырып, ерлік істеріне тағзым етемін.

Сұм соғыс қайтіп болмасын,
Бәйшешектер солмасын.
Еліміз бейбіт күн кешіп,
Бір Алла өзі қолдасын!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Асылбек Ақерке

Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы
педагогикалық колледжі, 3-курс студенті.

Жетекшісі: Темірова Ғалия Кенесқызы

Желбіре туы ,Жеңістің!
Отан үшін, отқа түс-күймейсің.
қазақ мақалы

Жаз жайлаудың самалы есіп, өлең- жыры төгіліп, көкмайса көк үстінде ойнап күлген бала-шаға мен айлы түн астында алтыбақан тепкен бозбала мен бойжеткен, сүйікті немересіне бар мейірім шапағатын төгіп, еміренетін ақ жаулықты әже, еңбекпен көзін ашып, еңбекпен белдерін иілтіп адал нан тапқан әке мен аталар. Осындай қызу еңбек, асқақ мереке мен бейбітшілік бесігінде тербеліп тұрған қазақ даласына «Ұлы Отан соғысы» ұғымы 1941 жылғы шілденің үшінде Сталиннің радио арқылы сөйлеген сөзінен кейін пайда болды. Сталин өз сөзінде «Ұлы» және «Отан» деген сөздерді бөлек-бөлек, бір-бірімен байланыстырмай қолданды.

Ұлы дала перзенттері Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен жаппай жазылған болатын. Ер жүрек қазақ қыздарының бірі Алматы медицина институтының студенті болған Мәншүк Мәметова: "Отбасымыздан майданға жіберетін ешкім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан өзімді жіберуді өтінемін»,— деп әскери комитетке өтініш беріп, өз еркімен қан майдан, соғыс алаңына өзі сұранып барады. Адам сенгісіз ерлік жасап, батылдықпен көзге де түседі. Қазақ қанына сіңген асқақ рух пен ақылды қатар ұстаған Мәншүк Мәметова бүгінгі жас ұрпаққа үлгі өнеге болар тұлғалардың бірі де бірігейі. Өз замандастарының алдыңғы қатарында, бас көтеріп жүрген еңбексүйгіш Мәншүк, майдан шебінде де ерен ерлік көрсетіп, қасық қаны қалғанша қан майдан даласында қыстың қысқан аязы мен дауылды боранына қарамай, қазақ қыздарының тек сұлулық пен әсемдіктің символы емес, патриоттық пен Отансүйгіштік қасиеттерге де ие екенін дәлелдеді. Ерлігі ескерусіз қалмады. Кеңестік Шығыс әйелдері арасынан бірінші болып Ленин ордені және Алтын жұлдыз медалімен марапатталғандар — шығыстың қос шынары: пулеметші Мәншүк Мәметова мен 54-атқыштар бригадасының мергені Әлия Молдағұлова болған.

Тыныш жатқан бейбіт елге бұл соғыс тұрпыдай тиді. Қойға шапқан қасқырдай бала мен ана көздерінен қанды жасты ағызып, ана мейірімі мен әке махаббатынан айырып, жас сәбилерді қара жұмысқа байлады. Күлген күлкісінің сыңғырымен айналасын нұрға бөлеп жүрген ару қыздар, қимастықпен сүйгендерін соғыс қатарына аттандырып, өздері соғыс ауыртпашылықтарын бастарынан өткізді. Соғыс жылдарында тылда еңбек еткен жұмысшылар ерлігі де аңызға айналды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Кеңестер Одағының құрамдас бөлігі ретінде жаумен шайқаста қазақстандықтар үлкен ерлік көрсетіп, жеңіс күнін жақындатуға өз үлестерін қосты. Сұм соғыс қаншама жүректі мұзға айналдырып, шер мен мұң қалдырды. Ол жылдар қанша алыстап кеткенімен, сол соғысты өз көздерімен көрген ата-бабаларымыз үшін күні кеше ғана болғандай.

Қаншама қиын қыстау заманды бастарынан өткізген біздің ержүрек ата-бабаларымыздың төккен тері мен аққан қаны, адам айтса сенгісіз ерліктерінің арқасында жеңіс туын желбіретті. Өздері көрмеген, көре алмай аңсап кеткен жеңіс күнін, бейбітшілік күнін ұрпақтарына аманат етті. Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін батыр бабаларымыздың шайқастардағы теңдессіз ерлік пен табандылықтары ғасырлар бойы ел есінде мәңгі сақталады. Бұл сұрапыл соғыс көз алдыма елестегенде, жүректен мынандай жыр жолдары оралады.

Сұм соғыс-ай, шыныменен тас болдың,
Қан төгіс пен жауыздыққа бас болдың.
Тыныштықты қолдайтұғын халқыма,
Неге, мұнша тағдыр солай қас болдың.

Жер-Анамның балалары шабысты,
Сұр жыландай ысылдасты, шағысты.
Қызыл қанға шомылғандай түрлері,
Бір-біріне суық желін үрледі.

Өздігіңмен тұрмай бәрін аздырдың,
Ауыр жұмыс окопты да қаздырдың.
Аяушылық таныта алмай адамзат,
Бастарына қанша кінә жаздырдың.

Найзасына үкі ілген қазағым,
Сол жылдары болды талай азабың.
Қанша ауыр болсадағы тынбаймын,
Ата-бабам сен үшін деп жырлаймын.

Қандай болмасын күрестің басты мақсаты - жеңіске жету, жеңіске қарай қадам жасау болса, кешегі Ұлы Отан соғысында елін азат етіп, жеткен жеңістің орны мүлдем айрықша. Сол себепті «жеңіс» атауы қасиетті де, қастерлі ұғым. Тәуелсіз Қазақстанда төрткүл дүниемен тереземіз теңесіп, ешкімге есеміз кетпей, басқа мемлекеттерге бәсекелес бола алатындай дәрежеге жетуіміз осы Жеңістің арқасы.

Ешқашан жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен жақындатқан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінгі біздің азаматтық

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

міндетіміз- болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриотты, достық пен бірлік туралы түсінік беріп, сол арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Кешегі Ұлы Жеңіс, бүгінгі бейбітшілік пен берекенің ұшқыны. Ендігі мақсат сол жылдары төгілген аналарымыздың көз жасы мен әкелеріміздің қаны, тыл азаматтарының маңдайынан аққан терінің есесін қайтару. Ол үшін елін сүйетін нағыз патриот азамат болу - әрбір ұрпақтың басты мақсаты.

Әрбір жасөспірім -Қазақстанның болашағы. Тәуелсіз ұрпақ пен қазақ халқы-бай халық, олай дейтін себебім, оларда бәрі бар. Олар: үлгі-өнеге алар жаужүрек батырлары, тілінен бал тамған ақын-жазушылары, екі қолынан өнер тамған қас шеберлері, тегеуріні темір балқытқан ісмерлері, ақ халатты абзал жандар, өз өнерлерімен әлем елдерін мойындатып жүрген өнерпаздарымыз , бәсекеге қабілетті заманына қарай адамын дайындайтын ұлағатты ұстаздары,қаншама десеңізші?!

Осыншама ұлылық ұйыған қасиетті мекенде қазақ басқаға үлгі бола алады. Сонау заманда найзаның ұшымен, білектің күшімен елін-жерін қорғаған ата-бабаларымыз салып кеткен сара жолын, Ұлы Жеңістің қас батырлары жалғаса, қазақтың қайтпас қыз-жігіттері жігерленіп желтоқсан оқиғасымен тарихқа еніп, бүгінгі таңда еліміз өз алдына егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет атанды.Тәуелсіз елде ,Жеңістің туын желбіреткен мерекені ел болып тойлау, қандай бақыт десеңізші?!

Жеңіс күні- аңсап өткен арман күн! Ешбір мерекемен теңдесі жоқ қасиетті мереке. Қаншалықты мерекелік көңіл-күй болғанымен, осы күннің елесі соғысты өз көздерімен көрген ардагерлеріміз үшін әрі мұңлы, әрі мерекелі күн. Себебі, олар ерен ерліктерінің нәтижесін көріп, аңсаған жеңістеріне, бейбітшілік заманға жетті. Қасиетті мереке, құтты болсын, қазағым!

Еліміздің көк аспанында ақ көгершін қалықтап, сәби күлкісі естілсін!

Аятхан Мөлдөржан

Ақмола обылысы, Ерейментау қаласы

Агротехникалық колледжі

Жетекшісі: Тулендинова Үміт Баубековна

Сұрапыл соғыс

Соғыс-атауы құлаққа жағымсыз,тіршілік қан жылататын, қайғы-қасіретке толы қаралы сөз. Осыдан талай жылдар бұрын жер бетін шарпыған сол сұрапыл Ұлы Отан соғысы еді. Сол Ұлы Отан соғысы жайлы бірсыпыра айтып өту мүмкін емес. Қаншама ата-бабаларымыз, апа-ағаларымыз осы жеңіс үшін аянбай соғысқа жандарын қиды. Бұл соғыс адамзат тарихында ең сұрапыл, әлемді дүр сілкіндірген, жан түршігерлік қанды қырғын болды. Ұлы жеңіске еліміздің барлық халықтың жеңіске құштарлығының арқасында, береке-бірлігінің арқасында елімізді, жерімізді,Отанымызды сақтаймыз-деп жан аямай соғысып еңбек еткеніміздің арқасында қол жеткіздік. Сондықтан да бұл мереке адамзатқа олардың ұлтына,дініне,тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш,ортақ жеңіс.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындар да соғысқа сұранды. Бұл қанды майданға қазақ топырағынан бір миллионнан астам ержүрек жауынгерлер аттанған. Олардың көбісі сол алапат соғыс алаңында қаза болды. Сонымен қатар,атағы аңызға айналған жаңа тұлғалар тарих бетіне өздерінің ерліктерімен аттарын алтын әріппен жазып қалдырды. 500-ден аса жерлестеріміз оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының батыры атағын алды. Олар:қазақтың қос аруы М.Мәметова, Ә.Молдағұлова және қазақтың қайсарлы ержүрек жігіттері Б.Момышұлы, Т.Бегельдинов және тағы басқалары.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бой өз жері, отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украина қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды. Осындай сұрапыл жылдары бір қолына қару,бір қолына қалам ұстаған ақындар да көп болды, мысалыға алатын болсақ, Бауыржан Момышұлы ол кісінің жазған өлеңдері жетерлік. Осы сұрапыл соғысты өлең жолдарымен бейнеледі. Сол ақындардың бірі Н.Байғанин шығармаларының басты тақырыбы майданға кеткен жауынгерлер және көмекті күшейту, жауынгерлердің рухын көтеру,олардың бойында ел алдындағы борышты өтеу, тәрбиелеу болды. Ақын жауға деген ыза-кегін:

Өлер күнің таянды.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Халық түгел ашынған.
Алар сенен қанға-қан.
Алар сенен жанға-жан.
Жоқ боларсың,бітесің.
Адам жауы-сұр жылан

- деп білдіреді.

Сол сұрапыл соғысты аман-есен келген жауынгерлер саны саусақпен санарлық. Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып бара жатыр. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап,аман оралған ардагер ата-апаларымыз өздері қорғап,қорған қамқор болып оралған арттағы,қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ешқашан ұмытпаспыз.

Елімнің келешегі не болады - деп қайғымен мұңды қатар ұстап, қуаныш пен тыныштықты аңсаған халықтың арман-тілегін арқалаған батыр ағаларымыз бен апаларымыз алапат қырғын соғыс лаңын Германия жерінде 1945жылдың 9 мамыр күні Ұлы мейрам-жаудың жеңіп соғысты Германия жерінде жеңіспен аяқтады. Бүгінде Жеңіс күн мерекесі адамдардың ұлтына, дініне,тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш,ортақ жеңіс күні.Бұл қастерлі мейрамның мән мағанасы уақыт өткен сайын еш өшпес емес,себебі жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық жеңген Ұлы күн.

Жетпіс бір жылда өтелмей парызымыз.
Туған ел алдында қарызымыз.
Басқа ұлттарға үнемі мазақ болмай.
Арамызға айтайық арызды біз.
Азаттықты аңсаған еркін елміз.
Дос пейілді ұлттарға құшақ ашқан елміз.
Ұшқан құстың қанаты талатұғын.
Көк аспанбыз,көсілең-алтын төріміз.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғына да 71жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлады. Бұл мейрамды бұрынғы Кеңес одағын кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлады. Содан бері 71 жыл артта қалды. Халық болып қорғаған Совет Одағы ыдырап, біздің Қазақстан өз алдына жеке мемлекет болды. Бұл тарихи оқиға 1991жылдың желтоқсан айының 16 жұлдызында жалғастырып, жаңа жетістіктермен өркендеп келеді.

Балгожина Гульзат

11 сынып, Ю.А. Гагарин атындағы №7 орта мектебі,
Ақмола облысы, Степногорск қаласы
Жетекшісі: Жахина Гульжахан Канатовна

Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр, —

деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол — өмір заңы. «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек.

Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады.

«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар

катарында Бауыржанның еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүйуші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де, ұлтын сүйгендігінен шығар.

Бауыржан Момышұлының тұлғасы маған қашанда мұзарт шыңның басында, мұнартып қалықтаған ақиық, мұзбалақ қыран болып елестейді.

1941 жылы Мәскеу түбіндегі қанды шайқастарда теңдесі жоқ ерлігімен әлемді дүр сілкіндірген қазақстандық 316 - атқыштар дивизиясының батальон командирі ретінде қапияда ой тауып, қараңғыда жол тауып, ерен ерлігімен аты әлемге аңыз болып, батыр қолбасшы атанды.

Жеңістің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында қаһармандық пен өшпес ерлігі үшін Мәскеу халқы құрметтеп, үлкен сый жасады. Мәскеу қаласынан ұлан - ғайыр, ұзын көше, зәулім мектепке батыр атамыздың есімі берді. Бұл Бауыржан ерлігін мойындау және бүкіл қазақ халқына деген құрмет еді. Оның «Ежелден ер тілегі – ел тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тірегі» деген өсиетінің өмірде орындалғанын көріп қуандық.

Ержүрек батырдың кітаптарың оқып отырып, терең ойға қалам. Отанға деген сүйіспеншілігінен, халқыңа деген махаббатынан, ұлттық биік рухынан қуат аламын.

Бауыржан атаның қаламынан шыққан «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», т. б. шығармаларыңызды оқып шықтым. Оның шебер суреткерлігіңе, адам психологиясын танып - білудегі сезімталдығыңа таң қаламын. Шығармаларыңызда әр кейіпкер өзгеше бір әлем... Әр сөйлемде тұнып тұрған сыр жатыр. Бұларды оқып қана қоймай, жаттап, үлгі өнеге алуымыз керек.

Оның бізге қалдырған мәңгілік өшпес, ғасырдан ғасырға жетер мұралары үшін ұрпақтары мәңгі қарыздар. Бақытты болашақ, Тәуелсіз ел - аңсаған арманы еді. Бүгін сіздің арманыңыз – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт - сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі – халықтың бақ жұлдызы жарқырап жанған күн.

Сіздің тағлымыңызды зер сала оқып - үйрену бүгін де, ертең де келешек ұрпақ үлесінде. Ұлт болашағының негізін жасайтын жастар санасы өркениет деңгейіне сай болуы шарт. Осыны ойлаған кезде сіздің: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Екінші, немересіне ертегі айтып беретін әжелерінің азаюынан қорқам. Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсең, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, әке жоқ», – деген өсиетіңіз ойға оралады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Бұл – үлкен алаңдаушылық. Өзін халықтан бөліп қарай алмайтын тұлғаның алаңы. Бұл үн бүгінгі дәуірмен де үндесіп жатыр.

Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?! Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін»деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын. Табан ет, маңдай термен келген осы Ұлы Жеңіске қаруымен де, қаламымен де үлес қосқан, аты аңызға айналған қаһарман жазушыларымыздың бірі де, бірегейі - Бауыржан Момышұлының қаһармандық рухы ұрпақтан - ұрпаққа өнеге болады деп санаймын. Ұлы Отан соғысы жылдарында кеңес әскерлері 1418 күн мен түн бойына шайқасып, жеңіске қол жеткізіпті. Үлкен қиындықпен, қанмен келген ұлы күннің қаһармандарын қанша дәріптесек те артық емес.

Бегалин Сағынай

9 сынып, Төңкеріс негізгі мектебі,
Шортанды ауданы Ақмола облысы
Жетекшісі: Смайлова Айжан Ахметовна

Ұлы Жеңіске тағзым етемін

Ұлы Жеңіс десек, ең алдымен сұрапыл соғыс есімізге түседі. Міне, сол ұлы Жеңіске 71 жыл толыпты. Бұл жеңіс ең алдымен ата – бабаларымыздың арқасы, төгілен қаны. Оларды ешқашан естен шығармауымыз керек. Сондай, ержүрек, батыл аға – апаларымыз болмағанда осылай бейбіт өмір кешер ме едік? Осы күнімізге Құдайға шүкір дейміз. Қазіргі таңда бұл Ұлы Жеңіс ЮНЕСКО көлемінде аталып жатыр. Соның ішінде біз қазақ елі «Ешкімді, еш нәрсені» естен шығармауымыз керек. Сол сұрапыл соғыстан аман қалған ардагер аталарымыз, апаларымыз бар. Біз оларды құрметтеп, рахмет айтуымыз керек. Ия, ұрпақтары, яғни, біз батырларымызды көзі тірісінде бағалайық. Өткен күндердің батырларын, ұрпақтары әрқашан біліп, ұмытпауы керек.

Біз кешегі қаһарман Бауыржанның ұрпағымыз, Мәскеуді кеудесімен жауып берген. Біз кешегі Рақымжанның ұрпағымыз тайсалмай, Рейхстагтың төбесіне ту тіккен. Соның ішінде қайсар Мәншүкпен Әлияның ұрпағымыз.

Міне, апа – әпкелерімізде сұрапыл соғыстан тайсалмаған. Қаншама азап шегіп, біз үшін, ұрпақтары мен жері үшін кеудесін оққа тосқан. Біз осындай аға – апаларымызбен мақтанамыз. Халықтың ерлігі ғасырлар бойы есте сақталып, Жеңістің шежіресі сөнбеуі керек.

Адамдардың бейбіт өмірін соғыс келіп күл талқан етті. Халық Отанын қорғауға аттанды. Ел үлкен әскери лагерге айналды. Біздің аталарымыз, әкелеріміз, бозбалалар мен қыздар Ұлы Отан соғысына аттанды. Жауынгерлер өз амандықтарын білдіру мақсатында ара – тұра елдегі жақын – туысқандарына, сүйіктілеріне жау шебінен үшбұрыш хаттар жазды. Бұндай хаттарды сарғая күтеді, қорқады да. Жау шебінен жеткен хаттарды аналарымыз, әкелеріміз өмірінің соңына дейін ең қадірлі затындай сақтады.

Сондай үшбұрышты хаттарды біздің мектебіміздегі «Жауынгерлік, ерлік мұражайынан» көруге болады. Біздің Төңкеріс негізгі мектебінде 2009 жылы «Жауынгерлік, ерлік» атты мұражайы ашылып, оған түрлі бұйымдар мен заттар қойылған. Тіпті жауынгерлер каскасы да, хаттар мен түрлі суреттер, соғыс әндері жинақталған альбомдар қойылған.

Тарих пәні мұғалімі Смайлова Айжан Ахметқызы жетекшілік ететін бұл мұражай көрмесіне барғанда мен ең алдымен фотоларды, соғыс ардагерлерінің фотоларын тамашалаймын. Біздің ауылымызда соғыс ардагері болған. Енді ол кісіде жоқ. Біз ол кісінің үйіне барып, көмек, қолғабыс беретінбіз. Сонда ол кісі бізге соғыс енді болмаса екен балаларым деп көзіне жас алатын.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Біздің мектеп жыл сайын 9 мамыр жеңіс күніне арналған салтанатты мерекеге өте жақсы дайындалады. Бірде маған сол мерекедегі «Бейбітшілік көгершіні» атты акция қатты ұнады. Ол акцияда Айжан Ахметқызы себетке салып, аппликациялап жасалған «Бейбітшілік көгершіндерін» ішіне «болмасын соғыс» әні жазылған екен, оны екі кішкене бүлдіршінге ұстатып таратты. Сонда мен ойланып қалдым. Бұл акцияның үлкен мәніне үңілсек біз сияқты жастарды тәрбиелеп, соғыстың қаншама ауыр зардаптарын түсіндіргені екен ау деп.

Ұлы Отан соғысы барысында 20 миллионнан астам советтік адам жер жастанған. Ол дегеніңіз Берлинге дейін әр 2 метр жерге 30 адам, күніне 28000 адам құрбан болып отырған. Қандай жан түршігерлік цифрлар! Халықтың 4-тен бірі көз жұмған. Олардың әр қайсысының еліне, туысқандарына жасамақ болған жақсылықтары, асқақ армандары болдығой. Бірақ фашизм оның бәріне балта шапты. Соғыс ешкімді аямады.

Қазақстан сол сұм соғыста бәріне пана болған, жылаған сәбилерді асырап алған, жылаған аналардың көз жасын құрғатқан. Себебі, аналар отбасынсыз, әкесіз, анасыз қалған сәбилерді асырап алды. Ер жеткізді, оқытты. Бүгінде сондай аналарға басымызды июіміз керек деп ойлаймын.

Ал, қазіргі таңда көптеген аналар, аналарымыз деймінау қыздарымыз да өз балаларын көшеге тастап жатыр емеспе? Неге? Неге олар бұрынғы соғыс кезіндегі аналарымыз бен қыздарымыздың ерлігін қайталамайды?

Түрлі ағымдар келіп есігімізден төрімізге еніп алған заманда осындай әрекеттерге сол қыздарымыз жол беріп жатыр. Қазақ елінің тәрбиесі – тал бесіктен бастау алатынын түсінген жат жұрттықтар, жат ағымдар кішкене сәбилерімізден бастап аяп жатқан жоқ дейді апайым дінтану сабағында. Міне жастар біз осындай әрекеттерге, осындай сұм ашкөздерге өз еліміздің тәрбиесімен, болашағымызды ұрлатпай елімізді қорғай білуіміз керек деп ойлаймын. «Болашақ - жастардың қолында» - деп елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқанындай біз қазақ елінің болашағымыз, лидері, көшбасшысы болуымыз керек.

Мен өзім мектепішілік іс шараларға көптеп қатысамын. Ауданымызда өткен М.Мақатаевтың шығармашылық кештеріне, Абай атамыздың өлеңдер сайысында, Абылай ханға арнап өккізілген мүшайраларға қатысып жүлдегер де болып қайттым. Бұл менің еліме деген үлесім, мақтанышым, жастарды қолдау саясатына деген көзқарасым деп білемін. Мен елімді мақтан етемін.

Жер бетінің бейбіт күштері фашистік зұлымдықты ешқашан ұмытпайды. Соғыстан алған сабақты ешқашан ұмытпауға тиіспіз. Жаңа соғыс ошағын болдырмауымыз керек, қара күштерге жер бетін шарлауға жол жоқ. Отан қорғаушыларының алдында басымызды ие отырып, елімізге бейбіт өмір тілейміз. Біз ұлы халықтардың ұрпағы екенімізді естен шығармайық. Ешқашан енді соғыс болмасын! Әлем әрқашан балалар күлкісіне толы болсын, тек ашық аспанда өмір сүрейік.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Бүгінгі жастардың болашағы, бақыты үшін, қан төккен әкелер мен апалардың даңқы ешуақытта өшпейді! Олардың рухына біздер тізе бүгіп, бас иеміз. Міне, сол тамаша Жеңістің 70 – 71 жылдық ұлы мерекесін тойлап отырмыз. Ер жігіт етігімен су кешіп, от басқан, ат ауыздығымен су ішкен, сұр шинельді төсек етіп, ақ қар, көк мұз жастанып, жаумен шайқасқан.

Ұлы Отан үшін жанын қиған ержүрек батырлардың қаһармандық ісі ешуақытта ұмыт болмайды, мәңгі есте сақталады.

Бақыт сыйлап жатады әр күн,
Санамызға жарық берген.
Әкелері аталардың
Бұл Жеңісті алып келген.
Қуантамыз ән сап бүгін,
Келе берсін бақыт таңы.
Жеңіс күнің құтты болсын,
Батырлардың ұрпақтары!
Т.Молдағалиев. «Жеңіс күні».

Бижанов Нариман

10 сынып, Есенкелді орта мектебі Есенкелді ауылы

Атбасар ауданы Ақмола облысы

Мұғалімі: Қозбағарова Гүлсім Жақсыбайқызы

Батырлардың есімі ұмытылмайды

Ерлік елдің қасиеті,
Жүректілік - жігіттің қасиеті-деп

Бауыржан Момышұлы айтқандай сонау 40-жылдары қиян-кескі ұрыста көрсеткен аталарымыздың табандылықтарын ұмыту мүмкін емес. Отан үшін қасық қандары қалғанша күрескен әр азаматтың батырлығы бізге үлгі. Қатыгездікпен елімізге шабуыл жасаған неміс фашистерінің зұлымдықтарына төтеп бере алған,кеудесін оққа төсеген ерлер қаншама. Қақаған қыстың суығына,аптап ыстыққа шыдаулары «Отаным, елім» деп соққан әрбір совет жауынгерін қиындыққа төзе білуге үйретті. Отанға,жеріне деген сезімдері алға жетеледі». Батыр майданда шынығады. Болат қайнауда шынығады» дегендей жас шамасына қарамай жасөспірім балалар да майданға сұранып, қолдарына қару алды. «Отан үшін жан пидә» ұранымен жауды жағасынан алды.

Неміс фашистерінің өзі совет жауынгерлерінің қайтпас қайраттарына, биік сана-сезімдеріне таң болатын. Сол соғыс жылдары әр отбасына қайғы-қасірет әкелді. Адамзаттың көрген қиындығына ,қайғы –мұңына Жер-Ана да күңіреніп ортақтасып жылағандай. Көкірегі қайғыға толы көздерінен жас аққан аналар,қосағынан айырылған әйелдердің зары әлі де құлаққа естілетіндей. Жауға қарсы шығып, қасық қандары қалғанша күрескен – Әлия, Мәншүк апаларымыз, Төлеген Тоқтаров, Талғат Бигельдинов, Рақымжан Қошқарбаев сияқты батыр ағаларымыздың ерліктері мәңгі тарихта қалды. «Ерлік көрсеткенге оқ дарымас» дейді халқымыз. Оқ дарыса да батырларымыздың аты өшпейді.Бойларын намыс, қайрат билеген аталарымыз жау алдында өздерін қасқая, беріспей ұстады. Өз ойымды мына өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

Сол жылдарға қарғыс айту жат маған.
Сондағы мен аталардың ерліктеріне мақтанам.
Балғын ұрпақ сенің бала болашағыңды
Біле білсең ,батыр аталарың сақтаған.

Дашын Күлзира

I курс №8 Агротехникалық колледж
Ерейментау қаласы Ақмола облысы
Жетекшісі: Тулендинова Үміт Баубекқызы

Ерлік жырын жырлаймыз !

Қара өлең қасиетін анық берген ,
Бойыма бабалардан дарын келген.
Жыл сайын бір келетін Жеңіс күні
Бабалардың рухымен анық келген.

Соғыс-күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін-
Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын- ажал.
Сол қанді кезеңді еске түсірсек, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе
де, ешнәрсе ұмытылмаған.

Ұлы Отан соғысы ... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен
төзімділіктерін паш ететін , тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың
алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін
көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп , әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұнында жұмыр басты пенде үшін теңдесіз
құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.
Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасындағы Ұлы Отан
соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып
барады емес пе?! Солардың жанымен, күшімен, қанымен,ісімен, ерлігімен,
терімен, көз жасымен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған
жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп,тауын
шағып,туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн-Жеңіс күні. Бұл күннің
толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн.
Сондықтан бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын
арқалап. аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап,Қамқор болып
оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та
тарих ұмытпайды. Ол-өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап
күшпен жеттік. Ол күш - әрине "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нұрпейіс Байғанидің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады.

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Қазақта батырлар көп сол заманғы,
Бауыржан Момышұлы бастағандар.
Көз жіберіп сол соғысқа қарағанда
Бомбысын өз қолымен тастағандар.
Әлия, Мәншүгіндей батыр қызын,
Артыңа қарайласаң қалған ізің.
Соғыстың сол жылдарын ойлағанда
Бұрқылдап ыза кекпен қайнайды ішің.

Кеңес Одағының батыры атағын кеш алған Бауыржан Момышұлы болатын. Найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер есімі - ел есінде",-демекші, бізге жарқын болашақ бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын пашпақ.

Осыдан 75 жыл бұрын, дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия КСРО шабуыл жасады. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылы көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жауды шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

тез еніп , Брест қамалының тірі қалған қорғаушылар партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында қазақстандықтар болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір түкпіріндегі әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де , қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

1939 жылғы дерек бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарында 1 миллион 200 мың қазақстандықтар шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1710 қала және 70 мыңнан астам селодеревнялар, 31850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4100 темір жол стансасы, 36 мың пошті-телеграф мекемесі, басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған және жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана, басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары , 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған. Бұл соғысты ешкімде ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Талай, талай боздақтар сараланған,
Боз жусан иісі аңқыған дала қалған.
Қазақтан миллиондаған боздақ кетті
Сонымен Жеңіс күні бағаланған.

Ашық аспан, бейбіт өмір. Бүгінгі ұрпақ қазргі тәуелсіз Қазақстан елінде алаңсыз өмір кешуде. Мұндай еркіндік бақытын адамзат тарихындағы ең жойқын күресте бесіктен белі шықпай еңбекке араласып, бұғанасы бекімей қолына қару алып, қасық қаны қалғанша күрескен аға ұрпақ сыйлайды. Биыл Ұлы Жеңіске - 71 жыл. Осы күнге орай, ақпан айы Кеңес Одағының батыры Мұқат Мұсаев пен "Даңқ" орденінің толық иегері Гавриил Петрович Шаминнің өмірі мен ерлігін насихаттау керек.

Дәл қазір сол күндерді ойлар ма едік ?!
Қадірін бабалардың білер ме едік ?!
Анықтап көріп алшы бұл күндерді
Тәуелсіз қазақ елде жүрер ме едік?!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Сонау Жер-ананы өрт шарпыған соғыс жылдарында елі мен жерін, ұрпағының болашағын қорғаған, Отанға бейбіт өмірді тарту еткен, қан майданда от кешкен ержүрек жауынгерлер бүгінгі ақ сақалды ардагерлер мен ақ жаулықты аналар әрқашан жоғары құрметке лайқ екені даусыз. Сондықтан да, оларға деген ыстық ықылас пен құрмет, алғыс ешқашан толастамайды, керісінше "тау алыстаған сайын биіктей түседі" демекші, уақыт өткен сайын еселене бермек.

Жетпісов Рүстем

11 «А» сынып, №7 орта мектеп
Ақмола облысы, Степногорск қаласы
Жетекшісі: Қалымтаева Гүлжан Серікқызы.

«Ұлы Отан Соғысы басталуының 75 жылдығына орай»

Қорықпай соғыстық, бірлесіп тоғыстық.
Дөйлерге бас имей, Осалға болыстық.
Жүрекке жеңістің, Әлі де нұры ыстық,
Шындықтан айнымау, Шынайы дұрыстық.
Мұзафар Әлімбаев

1941 жылдың 22 маусымында фашистік германия әскері Кеңес Одағының тұтқиылдан, соғыс жарияламастан басып кірді. Жау жағының басымдығына қарамастан, шекарашылар, олардың қатарында Брест қорғаушылары алғашқы ұрыстың өзінде теңдесі жоқ ерлік көрсетті. Соғыс жылдарында толарсақтан қан кешіп, бүгінгі бейбіт өмірді сыйлаған майдангерлер-ардагерлерімізді мәңгі жадымызда сақтаудамыз. Миллиондаған қарапайым солдаттар мен офицерлер көтерді. Қазақ қыздары да соғыс ауыртпалығын ер азаматтармен бірдей көтерді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап соғысқа сұранып, хат жазған қазақ қыздары өте көп болды. Солардың қатарында қазақтың батыр қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметова. Қан төкті, жаралы мүгедектер болды, аштыққа да, суыққа да төзді, сөйтіп фашистерді жеңуге ортақ Отанды қорғап қалуға өлшеусіз үлес қосты.

Немістер ол кезде көп нәрсені білмеді. Өз тұсында төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабалардың лайықты ұрпағы қарсы тұрғанын білмеді. Азаттық жолында қаншама қиындықтарды бастан кешкен қазақ халқының ауыртпалықтардан қабырғасы қайысса да, морт сынбайтының, еңсесі езілсе де, рухы түспейтінің, асылын берсе де, намысын бермейтінің білмеді. Ұлттың рухын теңселтіп, адамдардың санасын шайқалтқан дүрбелеңдер қазақ халқының рухани кемелдігін, батырлық тамырының тереңдігін жеріне жеткізе дәлелдеп бере алады. Батырлар туралы естелік бізге отаншылдықты оятатын, намысты қамшылайтын, рухты асқақтататын қырларымен қымбат. Менің ойымша мұндай қасиеттерді қастерлеп, үкілей ұстай алсақ, жеңісті күндеріміз көп болары күмән келтірмейді.

Менің арғы аталарым да, бір үйден үш ағайынды болып, қан майданына аттанды. Үшеуінен бір атам ғана үйге оралады. Беларусьиядан жараланып, үйге қайтып келгеннен кейін оғын алады. Ал атамның бір інісі Курская дугасында қайтыс болғаны міне осы жылы белгілі болып, үлкен немересі ескерткішіне барып, туған жердің топырағын салды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Бұл соғыстың тауқыметін тартпаған, санасында сыз қалмаған адам жоқ десе де болады. Осы соғыстың әкелген қайғысы қасіреттің өзі қандай екенін сөзбен жеткізу мүмкін емес. Егер біздің бабаларымыз сол кезде жеңіске қол жеткізбеген болса, біз бүгінгі тәуелсіздікті көрер ме едік?!

Сондықтан біз дархан даланы қорғап, ұрпаққа аманат етіп қалдырған батыр бабаларымызға мәңгілік қарыздармыз.

Әрқайсысы олардың дара батыр,
болмысына тамсанып қара да тұр.
Бейбіт күнді сыйлаған мына бізге,
Ардагерлер азайып бара жатыр!?

Жыл өткен сайын ұлы Отан соғысының ардагерлері де азайып барады бірақ біз оларды әрдайым жадымызда сақтаймыз. Соғысқа қатысып, жеңіске жеткен және осы жолда өмірлерін құрбан еткен асыл азаматтарды еске алып, құрмет көрсетіп отыру бәрімізге қасиетті борыш, қастерлі міндет. Бүгінгі бейбіт өмірдің қадірін сезініп, бағалай білуіміз керек.

Кабикенова Мөлдір

11 сынып Ново-Александровка №2 орта мектебі

Ақмола облысы Атбасар ауданы

Жетекшісі: Хамбар Сайрагуль

Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 71 жыл, басталғанына 75 жыл

Үлгі болып аталардың ерлігі,

Ұлағаты, өнегесі, еңбегі.

Ғасырларға жалғастырып елдікті,

Дақ түсірме ата-баба арына

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 71 жыл толды. Бірақ, Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыста ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні- бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке - бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер- солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Майдан етіп дүние төрін,

Темір болат қақтап отқа.

Жекпе-жеккеп, өмір, өлім,

Соққыласып жатқан жоқ па?

Арқалап сол майдан жерін.

Қырғын соғыс ортасында,

- деп ақын Қ. Аманжоловатамыз айтып кеткен. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес,, бұл-бүгінгі ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өркендеуінің жоғары адамгершілік негізі.

Жеңіс күні- абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Менің атам да осы соғысты басынан кешкен азамат. Он алты жасында Отанды қорғауға әскерге аттанды. Ойлап қарасам, қазір он алты жаста өзінің кім екенін білмей жүрген жастар аз емес. Сияқты. Ел басына қауіп төнген кезде өрімдей жас болған атамның қолына қару алып, жауға қарсы аттанғаны бүгінгі ұрпақтарына үлкен мақтаныш. Шындап келгенде, бүгінгі тәуелсіз мемлекеттің ұланы болып жүргеніме атамның да үлесі зор. Аспанымыздың ашық болуына бабаларымыз жастық ғұмырын сарп етті.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Қаншалықты қыршындар қиылды. Ең бастысы, енді ондай зұлмат соғыс болмаса екен. Міне Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 71 жыл өтсе де, әрбір отбасы соғыс зардабын басынан кешкен. Бұл соғыс кездегі Кеңес Одағының ержүректілігі ментөзіділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнде алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер бірінші болып еске алады. Ұлы жеңіс күні елі мен жері үшін жанын паш еткен, туған-тустарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді. Сол кезде Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге жауды талқандатып, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты.

Қиындық кезең сындарлы,
Ерліктің отын маздаттың.
Соғыстың сұрапыл жылдары,
Тағдырды талай боздақтың.
Алыстап жылдар барады,
Білініп уақыт бағасы.
Соғыстың зары заманы,
Жетімнің қайғы наласы,

- дей отырып батыр ержүрек ұлдарымыз бен қыздарымыз ел басына күн туғанда жандарын қу шүберекке түйіп ерліктерін көрсете білді. Жауынгер азаматтарымыз ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастап, қан майданда шайқасты. Тіпті әріге бармай-ақ, кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, ардагерлеріміз қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді.

Соғыстың зарлы заманы -
Солдаттың асқақ жеңісі.
Ерлікке толы өткені,
Ұмытылмай тұрды ер ісі.
Оралмай қалып майданнан,
Хабарсыз кетті қаншама ұл.

Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адамажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында менің атам да ерен ерлік көрсеткен. Отан оттан да ыстық. «Отан үшін отқа түс күймейсің». Әрбір адамның өз Отанынан артық жер жоқ. Отан әркімнің бақыты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Бақытым бар үшінші Отан деген,
Кім мықты? десе біреу Отан дер ем.
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ кел дағы от ал менен.

- деп М.Мақатаев бабамыз жырлағандай Отан деген біздің атамекеніміз, туған жеріміз, туған еліміз. Ол жерді біздің ата-бабамыз мекен еткен. Ата бабамыздың жерін ұрпақтан- ұрпаққа жеткізу үшін қиын- қыстау кезеңді басынан өткізіп, күресті. Отан үшін жан кешті өмірін қиып сарп еткен бабаларымыздың қанынынан патриоттықты аңғару қиын емес. Осыдан 70 жыл бұрын фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына тұтқиылдан шабуыл жасады. Соғыста ең бірінші болып басып кірген Кеңес Одағының батыс шебіне сан мыңдаған қазастандықтар Отан қорғауға ағылды. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді.

Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?!
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Еріккеннен ұстап жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын.
Кешегі елге қатер төнгенде,
Ол жауға қарсы шапты.
Бізді жалмамақ болған ажалды.
Өр кеудесімен қақты.
Ол арыстанша алысты,
Денесін оқ пәршелесе де,
Ел намысын қорғап қалды.
Сен құрметте оны!
Түсіндің бе қарағым?!
Сенің келешегің үшін берді ол,

Азаттық жолда аяғын!- деп Әбу Сәрсенбаев атамyzдың өлеңінде бабадан атаға, атадан әкеге, одан балаға мирас болар адамгершілік қасиетті бүгінгі ұрпақтың бойынан көру үміті жатыр.

Қорыта айтар болсам, Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Ұлы жеңістің жетпіс жылдығымен қатар келіп тұр. Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты елі бар, қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын, әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

есімі, ерлігі Ұлы Жеңіске шексіз үлес қосқан сан бабаларымызды қайсар келбетін көз алдымызға елестетіп, болашағымызға күш, қайрат, рух береді. «Ер есімі- ел есінде» демекші бізге жарқын болашақ бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар мәңгі жадымызда сақталып, ешқашан ұмытылмауы хақ! Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тіршілігімізге күн нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Бұл соғыс- дұшпанның араны ашылған басқыншылық мінез-құлқын, өзіне таяқ етіп жұмсаған ұрыстың бірі. Бұл соғыс- ата-бабамыздың айтып кеткен «Білекті бірді, ақыл-айлалы мыңды жеңеді» дегеніндей халық тәжірибесімен шыққандығына дәлел. Ұлы Жеңісіміз баянды болсын! Тәуелсіз еліміздің көк туы көк аспанымызда желбірей берсін!

Калиакбарова Карина

I курс студенті №8 Агротехникалық колледж
Ақмола облысы Ерейментау қаласы
Жетекшісі: Тулендинова Үміт Баубекқызы

Тарихта қалған күн

1941 жылғы 22 маусым – тарихта мәңгі қалатын қасіретті күн. 75 жыл бұрын Ұлы Отан соғысы басталды. Соғыс және еңбек ардагерлері, облыс орталығындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдері, студенттер – елі мен жері үшін өмірін қиып, туған жерге оралмаған қаһарман ерлерді еске алып, рухтарына тағзым етті.

22 маусым барлық посткеңес елдерінің тарихындағы ең қайғылы күндердің бірі. Осыдан 74 жыл бұрын, дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер елін жаудан қорғау үшін қолына қару алып, қан майданға аттанды.

1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. Майданға 14 100 жүк және жеңіл автокөлік, 1500 шынжыр табанды трактор, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді. Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты.

Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлинге рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарманмен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді.

Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы – мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа туын тіккендердің бірі – қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін жоқ шығар. Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім.

Бүгінгі ұрпаққа Ұлы Отан Соғысындағы Кеңес Одағы мен оның халықтарының жеңісінің факторлары туралы айту парыз. Оны жас ұрпақ білуі керек. Ол соғыстағы жеңістің қайнар көздері мен қозғаушы күштері туралы ондаған, тіпті мыңдаған еңбектер жазылған.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық жүйесіне, Қазақстанның индустриялы, аграрлы ел болып қалыптасуындағы басқару

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

мектебін құрудағы ролін айту парыз. Отан соғысынан қайтқан жеңімпаздар аса құштарлықпен, адалдықпен, іскерлікпен еңбек етті. Отан соғысы жеңімпаздарының ерекше миссиясы туралы айтқанда ғалымдарымыздың екінші тылдағы ерлігі туралы айту қажет. Белгілі ғалымдар М.Ғабдуллин, С.Аманжолов, С.Бәйішев, А.Нүсіпбеков, С.Зимонов, А.Абдуллин, Ә.Қайдаров және басқалары соғыс кезінде ең қиын сәттерде жауынгерлердің арасына саяси-тәрбие жұмысын жүргізіп, алдыңғы шепте аянбай соғысса, соғыстан кейін ғылымның бүкіл бір саласына бағдар, басшылық жасап, Қазақстанда іргелі ғылымның дамуына ерекше үлес қосты.

1943 жылы Невель қаласы үшін ұрыста пулеметші Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза тапты. Оған Кеңес Одағының Батыр атағы берілді. «Ленинградтық өренім» деген жыр жолдап, аштық пен жалаңаштықтан қиналған қала тұрғындарының жігерін жанып, рухтарын көтере білді.

Халқымыз осының бәріне ерекше төзімділік көрсетіп, тағдыр талқысымен келгендерге қол ұшын берді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Биылғы жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 71 жыл толып отыр. Соңғы мәліметтер бойынша, бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллиондай адамын жалмаған сұрапыл соғыста Қазақстаннан 1 миллион 600 мыңдай жауынгер жауларға қарсы жан аямай шайқасты. Одақ бойынша 12 мыңнан астам жауынгерлер, командирлер, қолбасшылар, партизандар, қарапайым халық өкілдері 1934 жылы белгіленген ең жоғарғы атақ – Кеңес Одағының Батыр атағын иеленеді. Солардың қатарында осы үлкен атаққа қазақ ұлтының 103 азаматы ие болыпты. Бұрынғы деректерде, тіпті тарих оқулықтарының беттерінде бұл сан бірде 97, бірде 98 болып беріліп келген болатын.

Қазақстанда жасақталған 316 атқыштар дивизиясының (командирі генерал – майор И.В.Панфилов) бөлімшелері 1941 жылдың 16 қарашасында Мәскеуге өршелене ұмтылған неміс басқыншыларының тегеурінді шабуылын тойтарып, жанқиярлық ерліктің жарқын үлгісін көрсетті. Волоколамск тас жолындағы Дубосеково бекетін қорғаған атақты 28 –ші панфиловшылар сапында Н.Есболатов, Ә. Қосаев, А.Қожабергенев, М.Сеңгірбаев сынды қазақ жауынгерлері қаһармандықпен шайқасты. Осы жылдың 18-21 қарашасында Мәскеуді жаудан қорғау шайқастарында батальон командирі, аға лейтенант Бауыржан Момышұлының сарбаздары асқан ерлік көрсеті.

Жеңіс туы желбіре
Жеңіс туы,
Желбіресін мәңгілік!
Жеңіс жыры,
Асқақтасын жаңғырып!
Жеңісім – салтанат, сән, сәулет,
Жеңісім – береке, бақ, дәулет!

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ер есімі - ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз өйткені, олар біз үшін Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі, әрине, халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті. Екіншіден, ортақ жауға қарсы күрестегі көп ұлтты КСРО халықтарының ынтымағы мен достығы еді.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып отанын қорғады. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе, Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына орай ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз.

Касымхан Мақпал

11-сынып ,Новоселовка орта мектебі
Ақмола облысы Шортанды
ауданы Новоселовка ауылы
Жетекші: Матан Зоя

Ерлікпен келген Ұлы Жеңіске -71 жыл!

Қайсарлық пен қарапайымдылық
Отанға деген сүйіспеншілік аса қатыгез
сұрапыл соғыста жеңіске жол ашты
Н.Ә.Назарбаев

Биыл Ұлы Жеңіске 71 жыл толды. Біз ата-бабаларымыздың арқасында осындай тәуелсіз ел болдық .

Соғыс туралы айтсақ, Кеңес Одағының тарихында Ұлы Отан соғысы ерекше есте қалды. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанды.Барлық соғысқа қатысқан жау жүрек батырларымыз Отан анасын қорғауға ат салысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында дүние салды. Біз соғыс туралы тек аталарымыздан естіп, кинодан көрген болатынбыз.Ұлы Отан соғысы кезінде бала-шаға, үйде қалған аналар барлығы бір Отан үшін, елі үшін жауынгерлердің амандығын күтіп, «жұмыла көтерген жүк жеңіл »дегендей бірлесіп жасап, тылда еңбек етіп, өздерін көрсете білді. Менің ойымша тыл еңбеккерлерінің адал еңбектері майдан үшін қосқан үлесі көп деп ойлаймын.

Ұлы Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді.Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы жайлы қаншама шығармалар жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақытта нүкте қойылған жоқ.Ерлікпен шайқасып лайықты бағасын алғандар да бар. Атап айтатын болсақ, М.Мәметова, Ә.Молдағалиева, Б.Момышұлы, Қ.Қайсенов,

Ә. Сәрсенбаев, Қ. Аманжолов т.б ата-әпкелеріміз қан майданда шайқасқан болатын. Осы айтылған жауынгерлерімізді Отан үшін отқа түскен батырларымызды еске алып отыру біздің міндетіміз .

Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктер бүгінгі ұрпақ бізге үлкен өнеге. Отансүйгіштік қасиет әр кезде де қастерлеуге, құрметтеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болып саналады. Жаңа ғана өзім айтқандай тек майданда ұрыс көрсеткен жауынгерлердің ғана ерлігі емес, тылда еңбек істегендердің де еңбегі жоғары ілтипатқа лайық деп есептеймін. Себебі, олар кезінде майдан шебіндегі солдаттармен

бірге қиыншылық көріп, бірдей азап шекті. Ашаршылықпен қатар ауыртпалықты бастан кешкен олар да Жеңісті жақындатуға үлес қосты. Таңның атысымен күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген қайсар жандарға бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен қауіп пен қатерді төнген кезде біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Отанымыз үшін от кешкен отандастарымыз өшпес із қалдырып, ерлік көрсете білді. Бұл оқиға тарихта алтын әріппен жазылып, ерекше есте қалады. Өзіміздің атақты жазушыларымыз майданға бармаса да, жүрек жарды өлеңдерін жазып жауынгерді рухтандырды. Мысалға айта кетсек: атақты жыршы, жырау, «XIX ғасырдың Гомері» атанған Жамбыл атамыз «Ленинградтық өренім» атты өлеңін жазды. Соғыс кезінде көшелерге іліп қойды. Ол өлең солдаттарды жігерлендірді. Ленинградты қорғаушыларға зор қуат беріп, орталық газеттерде басылып жатты. Майдандағы әскерлер де, тылдағы жұмысшылар да, аналар мен қарт әжелер де тіпті жас балалар да Жамбыл өлеңін сүйсініп оқыды. Арыстандай айбатты жауынгерлер ақынның жалынды сөздерінен керемет рухтанып, мыңдаған адамдар көздеріне жас алып, тебірене оқыды.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзені сүйкімді,
Бұлағындай көремін,

- деп басталатын толғауы қалада, радиода беріліп, әр алаңда плакат ретінде жазылып ілінді.

Ақын Жамбыл бұл өлеңінде әскердің қаһармандығын жауға деген өшпенділігін айтады. Ақын: «Жата алмаймын төсекте жаным қалай жайланат » деп, өзі олармен бірге санайтынын білдіреді.

Көңілге көп тоқыған,
Кәрі—кұртаң ашынды.
Қара қағаз оқудан,
Сауатымыз ашылды

– деп , Қадыр Мырза Әли жырлағандай Ұлы Отан соғысы ондағы Жеңіс талай адамдардың тағдырын күрт өзгерді, талай жанның өмірін үзді. Ал енді бүгінгі күні жыл сайын 9 мамыр «Жеңіс» күні болып тойланады. Біреулері үшін мереке болса, енді біреулері үшін қасірет күн деп есептеледі. Бұл күні қаншама боздақтар қан майданда дүние салды. Осы мейрамды өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерінің көз жасы сорғалағай жүріп төзімділікпен күткен аналар мен қыз балалар тойлайды. Жеңіс күнінде Отанымыз үшін еңбек еткен өмірін жан пидә еткен, туған-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

туыстарына, жақын-жарандарына қайтып оралмай қалған қаһарман ерлерді ел болып еске аламыз.

Соғыстың соңғы көктемі
Көп болды нұрын төккелі.
Жап-жасыл анау аспан да,
Аспан да, сірә, көктеді,

- деп Мұқағали ақын Жеңіс күнінің соңғы көктемі туралы осылай жырлады. Айта берсең өлең-жырлар өте көп.

Ұлы Отан соғысына біздің Новоселовка аулынан көптеген майдангерлер барды. Соның бірі- Катеренов Кенжебай атамыз. Ол кісі осы ауылдың тумасы. Қазіргі кезде жары, балалары осы ауылда тұрады. Мен өз ауылымнан осындай соғыс ардагері барына өте қуаныштымын. Біз Жеңіс күні ауылымыздан соғысқа қатысқан ардагер аталарымызды еске аламыз. Атамызға көптеген сыйлықтар берілді. Меніңше, біз ешқашанда аталарымыздың ерлік жасаған істерін ұмытпағанымыз жөн.

Ұлы Отан соғысы тарихы тұрғыдан алғанда, көптеген шығармалар жазылып жатса да, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес және артық та болмайды. Ерлікпен шайқасқан адамдардың лайықты бағасын алғандар да бар. Кезінде аты аталмай қалып қойып жатқандар бар болса да, қазір санамызға қайта оралып, жатқан тұлғаларымыз да аз емес. Барлық жауынгерлеріміз мен ардагерлеріміз батырларымыз туралы айтсақ өте көп. Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс.

Ұлы Отан соғысы әр отбасының басына қайғы-қасірет алып келді. Тіпті, кішкентай кінәсіз бүлдіршіндердің де өміріне зауалын тигізбей қойған жоқ. Қаншама ата-ана балаларынан, қыз-келіншектер сүйгендерінен айырылса, сәбилер жетімдіктің дәмін ерте кезінен татты. Бұл ащы болса шындық. Бейбіт өмір кешіп келе жатқан халықтың бір-ақ күнде ойраны шықты. Қаншама аға – апаларымыз бейбіт болашақты орнату үшін тәуекелге бел буып, соғыс алаңына шықты. Олар туған жері, елі, келешек ұрпағы үшін өз өмірлерін қиюға да барды. Майдан кешіп, қайсарлықтарымен, жігерлерімен арандай аузын ашып, қойдай шұбырып, жауға қарсы шауып, денесін оқ тиіп жатса да шыдап, жеңіске ұмтыла білді.

Иә, осылай көп жылдар аңсаған армандары ақиқатқа айналып, Жеңіс туы аспанда желбіреп, барша жұртты бейбіт өмірге қадам басты. «Жеңіс» деген сөз барша адамның жүрегінде жылы сезім, болашаққа деген сенім ұялатты. Соғыссыз күн кешіп келе жатқанымызға биыл 71 жыл толып отыр. Өкінішке орай көптеген жерлестеріміз кемтар болып, балалары туғанынан жетімдіктің ащы дәмін татып жатты. Құдайға шүкір, біз еліміздің жас ұландары соғыс зардабын тартқан жоқпыз. Бұның барлығы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

батыр да батыл ағаларымыз бен апаларымыздың еліне , жеріне деген сүйіспеншіліктерінің, көрсеткен қаһармандарымыздың арқасы.Біз бейбіт өмірдің куәгерлері болғанымызға қатты қуанамыз.Енді ешқашанда майдангер ерлігі мен жеңісті тыл еңбеккерлерінің ерен еңбектерімен келген ерліктері ұмытылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың суыққа төзіп, күннің ыстығына шыдап, байтақ жерімізді бүгінгі күнде дүние жүзіне танытып,әлем мойындатқан мемлекет болып қалыптасуына қосқан жетістігі деп есептеймін.Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз- болашақ ұрпақты Отан сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.Қазір Республикамыздың дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуымыздың өзі –Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың адал да ұтымды идеясы, үлкен парасаттық пайымы мен биік талғамының арқасында.Сондықтан да біз, XIX ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!Мен үшін соғысқа кеткен әр адам жау жүрек батыр, олар өлімнен де қорықпай, бар жігерін салған Отан үшін отқа түскен азаматтар деп ойлаймын.Елімде,жерімізде көк байрағымыз аспанда желбіріп, әніміз қалыптап, бейбітшілік жасасын! Шығармамды мына өлең жолымен аяқтағым келеді.

Жауды жеңіп табанға сап,
Жермен-жексен еткен ерім.
Қуан,қуан, күлші сақ-сақ
Шын жеңіске жеткен елім!

Құлке Нұрсұлтан

10 сынып, Жамбыл орта мектебі
Ақмола облысы Астрахан ауданы
Жетекшісі – Саменова Кенжегүл Көпейқызы

Мен соғысты көргенім жоқ!
Соғыс жалмап аға-іні, бауырды,
Зар жылатты тыныш жатқан ауылды.
Бірақ біздер өздеріңнің арқанда,
Көрген жоқпыз сол бір қырғын дауылды.
Жеңіс жыры

Қанша жыл, қанша ғасыр өтсе де, ұмытылмайтын оқиғалар болады. Ұмытылмайтын себебі – ол оқиғалардың халық тағдырымен тығыз байланыстылығында. Соның бірі – дүниені дүр сілкіндірген 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы.

Алапат өртті ауыр соғыс өз салмағын иыққа 1418 күн мен түн салды. Соғыстың бар ауыртпалығын өз мойынымен көтеріп, қанға бөккен даласында қайсарлықпен шайқасқан, жеңістің туын желбіреткен Ұлы Отан соғысының батырлары ерлігін ешкім де, ешқашан ұмытпақ емес. Кір жуып кіндік кескен жері үшін, аялап, әлпештеп өсірген елі үшін жанған отқа түсіп, жалын кешкен ер-азаматтар естен, санадан өшпейді, тарихта есімдері қалады.

1941 жылы 22 маусымда таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан елдің шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Зұлым жау тәтті ұйқыны ғана бұзған жоқ, бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қасиетті жеріміз, бейбіт жатқан еліміз құлақ естіп, көз көрмеген апатқа ұшырады.

Қанды қасірет болған бұл соғысқа әлем халқының 80% қатысып, 40 елдің жерін соғыс өрті шарпыды, майдан баталиясына 61 мемлекет тартылып, 110 миллион адам қолына қару алды.

1418 күн мен түнге созылған бұл соғыста 27 миллионнан астам Кеңес адамы Отан үшін от кешіп, мерт болды, жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Ана жарын жоғалтып – жесір, бала әкесінен айрылып – жетім атанды. Тылда қалған қарттар, аналар, бесіктен белі шықпаған балалар соғыстың қайғы-қасіретін арқалай жүріп, тынбай еңбек етті.

Фашистік басқыншылар 1710 қаланы, 70 мыңнан астам елді мекенді өртеп, тұтқындардың дүние-мүлкін тонап, күлін көкке ұшырды. Өндірістік кәсіпорындар, 2000-ға жуық совхоз-колхоздар ойранға ұшырады. Ең бастысы, ешқашан орны толмайтын өте ауыр жарақат – ол адам өмірі болатын.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, біздің жарқын болашағымыз үшін Отанын қорғады.

Соғыста біздің аталар ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығы мен қайсарлығын әлемге паш етті. Екінші Дүниежүзілік соғыс жылдары 1 миллион 200 мыңдай қазақстандық майданға аттанған. Олардың 410 мыңы майдан даласында қаза тапса, 125 мыңы із-түзсіз кеткен. Мындаған қазақстандықтар Украина, Белоруссия, Балтық бойын, Молдаван елін азат ету жолында ұрысқа қатысты. Қазақстанда құрылған әскери құрамалар ұлы шайқастардың жылнамасында даңқты беттер жазып қалдырды. 316-атқыштар дивизиясы, 238 және 312 атқыштар дивизияларының Москва түбіндегі шайқастарда, 29 және 38 дивизияларының Сталинград түбінде, Курск даласында, 310 және 314 дивизияларының Ленинград қаласы үшін ұрыстарда даңқы шықты.

Кеңес Одағы бойынша 11600 адам Кеңес Одағының Батыры атағын алса, оның 497-сі қазақстандықтар. 96638 қазақстандық Кеңес Одағының орден, медальдарымен марапатталды.

Кеңес Одағының Батыры атағын үш мәрте алған – И.Кожедуб, екі мәрте алған Т.Бигельдинов, С.Луганский, И.Павлов, Л.Беда. Дубосекова разъезі жанындағы шайқастағы 28 панфиловшылар ерлігі дүние жүзіне мәлім болды. Кеңес Одағының Батыры атағын алған 86 қыз-келіншектердің ішінде Шығыстың даңқты қыздары – Әлия мен Мәншүк болды. Ұшқыш Н.Әбдіров Гастеллоның, А.Суханбаев А.Матросовтың ерлігін қайталап жау амбразурасын денесімен жапты. Бұл ерлікті С.Баймағанбетов, И.Бабин, М.Янко да қайталады.

Тарихта аты қалған бабаларымыздың бірі – Бауыржан Момышұлы. Аңызға айналған батыр есімі ел жадында ерлік, әділдік, намыс, шындық деген қасиетті ұғымдардың баламасы ретінде сақталған. Ержүрек жауынгер, әскери қолбасшы – бар болмысымен қазақтың намыстан жаралған халық екендігін мойындатқан тұлға. 1941 жылдың күзінен бастап соғыс аяқталғанға дейін батальон, полк, дивизияны басқара жүріп, ерекше ерлік, тапқырлық көрсете білген тұлғаны мақтан етеміз.

Рейхстаг қабырғасына ту тіккен жерлесіміз Р.Қошқарбаев, жау тылындағы партизан қозғалысының өкілдері: Қ.Қайсенов, Ж.Ағаділов, Ә.Шәріпов, Ж.Саин ерліктерімен тарихта қалды.

Ерлік көрсеткен әр қазақстандықты аттап көрсетсек те артық емес. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, Жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ.

Ер азаматтар майдан даласында су кешіп жаумен бетпе-бет соғысса, тылда қалған қарт адамдар, аналар, балалар ер азаматтардың орнын басып еңбек етті. Өздері қара су мен шалапты, қара нанды талғажау еткен халық

бар жақсысын, жылысын майданға жіберіп отырған. Соғыс жылдарындағы аналар еңбегі ерекше еді. Олар өз жарының, балаларының, немерелерінің қанды майданнан аман-сау оралуын тілеп, елдегі еңкейген қарттар мен еңбектеген балаларға басшы бола білді. Тылда қалған қарттар, аналар, бесіктен белі шықпаған балалар соғыстың қайғы-қасіретін арқалай жүріп, бірде аш, бірде тоқ жүріп тынбай жұмыс істеді. Ертеден кешке дейін, қараңғы түн құшағында егін орды, жер жыртты, бомба жасады. Жауынгерлер үшін жылы киім жинастырды.

«Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін», - деп елде қалған барша жұрттың тынымсыз еңбегі жеңісті жақындатуға сеп болды. Мамыржай тірлікте күн кешіп жатқан қаршадай қарадомалақтардың балалық шағы осы алапат соғысқа дөп келіп, еңбекке ерте араластырды.

Деректерге сүйенсек, 1941-1944 жылдардың ішінде орта есеппен Қазақстанда 870 мың оқушы, 1000 мұғалім колхоз даласында жұмыс істеп, 75 миллион еңбеккүн тапқан. Ауылдық мектептердің 8499 пионерлері, 61106 малды күтімге алған. 1766 оқушы егін жинауға өз үлестерін қосқан. Мұғалімдер, оқушылар қару-жараққа, танк колоннасына, авиаэскадрилья, торпедалық катерлер жасауға қаражат жинаған. Ел басына күн туған ауыр кезеңде майдандағыларға арнап мектеп оқушылары 91 мыңдай киім, 7,5 мың сәлемдеме жіберген. Жаралы жауынгерлер үшін 8400 тонна шипалы шөп жинаған. Қазақстанда орналасқан 100-ден астам госпитальді жабдықтауға, төсек-орын, киім-кешек, кітаптар жинауға араласқан. Олардың еңбегі орасан болды. Мектепте оқитын, бос уақытын балдәурен қызығына арнайтын балалар ерте есейіп, соғыс қиындықтарын мойымай көтере білді.

Халықтың ер жүректілігі мен төзімділігі, қайсарлығы мен қажырлы еңбегінің арқасында азапты жылдар артта қалып, бейбіт күн орнады.

«Ер өлсе де еңбегін ел өлтірмес, неше мың жыл өтсе де тарих білмек», - деп С.Торайғырып жырлағандай Отан үшін от кешіп, соғыстың ауыртпалығын көтерген, Жеңіс жолында өз өмірін қиған, ауыр күндерде өз жастық шағын құрбан еткен қаһарман жауынгерлердің ерлігі мәңгі есімізде. Жеңістің қасиетін, батыр ағаларымыз бен апаларамыздың ерлігін ешкім, ешқашан ұмытпақ емес. Өйткені, олар бізге Жеңіс күнін сыйлап, бейбіт өмірді мұра қылды.

Иә, соғыс қасіретін тартпаған отбасы жоқ. Менің ауылымда қаншама әйел жесір, қаншама бала жетім атанды. Шағын ауылдан 116 адам майданға аттанса, соның 68-і туған жерге оралмады. Олардың есімі тарих бетінде қалуы үшін мектеп жанында ескерткіш бой көтерді. Жеңіс жауынгерлеріне құрмет жасалып, олар алдындағы перзенттік борыш ретінде тағызым жасалынады.

Ол тізімде менің де ұлы атамның есімі бар. Мен оны үлгі тұтып, мақтан етемін. Біздің келешегіміз үшін өр кеудесін оққа төсеп, ел намысын қорғады. Менің өз елін сүйетін, бейбітшілік қадірін білетін Отанымды әрқашан қоғай

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

алатын азамат болып өсуім - жауынгер аталар алдындағы парызым. Олар сыйлаған Жеңіс туын желбіретуге өз білімімді, жастығымды арнаймын. Менің өмірлік қағидам – ақын М. Шахановтың мына өлеңдер жолымен үндес.

Ер қадірін назардан тасалаудан
Қай ел опа тауыпты?
Иә, ерлікті жасамаудан –
Бағаламау әлде қайда қауіпті

Сондықтан, болашақты болжау үшін өткенге бір сәт көз салайық!

Ондасынова Айгерім

Ақмола облысы Степногорск қаласы
«Қарабұлақ селолық орта
мектебі» М М 6 сынып оқушысы
Мұғалім: Құлтаев Нұрғазы Өмірбекұлы

Ұлы Отан соғысындағы ерлік өшпейді, Ер ұмытылмайды

Ұлы Отан соғысы 1941 жылы басталып, 1945 жылы аяқталды. Біздің аталарымыз бен әжелеріміз, Отандастарымыз қаза тапты. Отанымызды қорғау үшін қаншама қан төкті.

Отанды қорғау үшін Қарулы Күштер ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің жоғарғы бас қолбасшысы – Президент. Қарулы Күштедің жоғарғы қолбасшыларын қызметке тағайындалуы, он сегіз жасқа толған әрбір азамат өзінің Отан алдындағы борышын өтеу үшін әскер қатарына шақырылу туралы әрине, өзіміздің Елбасшымыз жарлығында айтып өткен.

Қазақстанның Қарулы Күштері құрлықтағы әскер тобынан, Әскери әуе күштерінен және Әскери теңіз флотынан тұрады. Бұлардан басқа Елбасымыздың тікелей өз қарамағындағы әскер тобы – Ұланы бар.

«Отанды қорғау – оның әрбір азатының қасиетті борышы және парызы».

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстаннан майданға аттанған жауынгерлеріміз қаншама. Олардың Отанды қорғау үшін жанын беріп шайқасқа түскен 100 мыңнан астамы ордендермен және медальдармен марапатталды. 500-ге тарта жауынгер «Батыр» атағына ие болды.

Олардың ішінде Төлеген Тоқтаров, Сұлтан Баймағамбетов, Әлия молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бегилденов және басқа да жауынгер ата-әжелеріміз, аға-бауырларымыз бар. Солардың бірі Әлия Молдағұлова шайқаста қаза тапқан ғұмыры былай болады екен. Шайқас барған сайын қыза түскен. Әлия сол қолынан жараланғанына қарамай, жаумен соғысты үдете берді. Бір кезде неміс офицері Әлияға тап береді екен. Әлия оны басынан асыра лақтырып жіберді. Шалқасынан түскен жау Әлияны тапаншамен атып қалды. Қапылыста қаза тапқан Әлияны майдандас жолдастары өз Отаны үшін жанын берген Ардагер Жауынгерімізге «Шығыс Жұлдызы»- деп атады.

Үкімет Әлияның ерлігін жоғары бағалап, оған Кеңес Одағының Батыры атағын берді. Әлия Молдағұлованың ерлігі мәңгі ұмытылмайды.

Тағы да Ұлы Отан соғысының ардагері, Кеңес одағының батыры, жазушы, әскери қолбасшы Бауыржан Момышұлы. Бауыржан Момышұлы Жамбыл облысының Жуалы ауданында дүниеге келген. Ол қазақ халқының қаһарман ұлы, екінші дүниежүзілік соғыстың батыры, әскери қолбасшымыз. Соғыстан кейін көрнекті жазушы ретінде танылып, бірнеше кітап жазды. Сол кітапта жазылған бір сөзінде:

Мен де адаммын жаралған сүйек-еттен,
Арым бар, намысым бар жан тербеткен.
Қазақтың қарапайым бір ұлымын,
Жанымды арым үшін құрбан еткен,

– деген екен. Осы өлең-жырларында Отан үшін жан кешкен адам ретінде біле аламыз. Ар-намысымен қазақтың қарапайым бір ұлы жанын Отан үшін яғни, біз келешек ұрпақ үшін құрбан еткен аталарымыздың бірі екені тайға таңба басқандай өз өлең шумақтарында көрініс тапқан. Сондай-ақ, бір мұрағат сөзінде: Балаларыма айтар тілегім: «Отан сүйер ұлан болыңдар! Өз Отаныңа лайықты азамат болып өсіңдер!» - деген балаларға немесе келешек ұрпаққа айтқан сөзі бар екен.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы майдандарында біздің Отанымыз үшін аса маңызды екені белгілі. Жау аумақты басып алды. Москваға жақындап, Ленинградты қоршап алды. Еліміз күштерін жинақтап, шайқасқа күш-қуат жинады.

Дивизия тарихындағы беттердің бірі – Сталинград болып табылды. Осы шайқаста ерлігі үшін гвардиялық деген атақ беріліп, №72 атау алды. Бір ай өткен соң 72-ші дивизия Воронеж майданына жіберіліп, Солтүстік Донеци өзеніне қарай шығыс жағалауына қарай бекініске көшеді.

1944 жылдың қаңтар айында екінші Украин майданы құрамалар және бөлімдер бірісіп отыра келе, Украиндағы облыс орталық Кировоград қаласы қаласы мықты етуге қатысады. Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Батыр туса – ел ырысы,
Жаңбыр жауса – жер ырысы

– дегендей, Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерен ерліктері үшін Қазақстан Республикасы Елбасының жарлығымен Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов сияқты аталарымызға халық қаһарманы атағы берілді. Әрине, бұл кісілердің елге деген, жерге деген еңбектері орасан зор. Себебі, Отан үшін, ел үшін өз жандарын құрбан ете отырып, халқын аман алып қалған Ер азаматтарымыз.

Батыр бабаларымыздың ерлік дәстүрін біздің жауынгерлеріміз үлгі тұтады, мәңгі есінде сақтайды. Бұл деген сөзім біздің жауынгерлеріміздің әрқашанда ерліктері өшпейді деген сөз. Біз оларды мақтан тұтамыз. Себебі, олар Отанды қорғаймын, Қазақ жерін сақтаймын деп, ерлік көрсеткен. Сөз соңында айтарым, мен туған өлкемізде осындай батыр рухты қазақтың бар

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

болғанын мақтан етемін. Бүгінгі күннің жас ұрпағы атынан менің ұсынысым ел ағалары ол ерлікті бағалап, жоғарыда айтылған аталарымыздың ел тарихында елеулі орын алуына, «Халық қаһармандарының» қатарына енуіне септігін тигізсе ата - бабамыздың аруағы бір аунап қалар ма еді?!

Серікпаева Гүлім

10 сынып, №2 орта мектеп
Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Жалтыр ауылы
Жетекшісі: Шоңғалова Гүлнар Бақытқызы

**Жеңістің 71 жылдығы және Ұлы Отан соғысы
басталуының 75 жылдығы**

1941 жылғы 22 маусым – жалпы тарихта мәңгі қалатын қасіретті күн. Жетпіс бір жыл бұрын басталып, халықтарды қатты күйреткен жалмап шығатын ажал. Әр жыл сайын еңбек ардагерлері, облыс орталығындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдері, студенттер –елі мен жері үшін өмірін қиып, туған жерге оралмаған қаһарман ерлерді еске алып, рухтарына тағзым етті. Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған... Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлингтегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарманмен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді. Соғыс қимылдары әлемнің 40 мемлекетінің аумағында жүрді. Ең соңғы деректер бойынша бұл алапатта 60 мил. адам қаза тапты.

Кеңес Одағының адам шығыны ресми түрде 27 мил. адамгершілік, тәрбиелік, отансүйгіштік, жас ұрпаққа қамқорлық, әділеттілік пен тазалықтық қорғаушысы болған ерекше миссиясы туралы айту парыз. Иә, майдангерлер қай салада да үлгі болды. Біз ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтседе, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз деп есептеледі.

Әлем 1941 жылы соғысты кім бастап, оған адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген қандай қатер төніп тұрғанын бірден сезді. Халқымыз осының бәріне ерекше төзімділік көрсетіп, тағдыр талқысымен келгендерге қол ұшын берді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Биылғы жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толып отыр. Соңғы мәліметтер бойынша, бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллиондай адамын жалмаған сұрапыл соғыста Қазақстаннан 1 миллион 600 мыңдай жауынгер жауларға қарсы жан аямай шайқасты. Одақ бойынша 12 мыңнан астам жауынгерлер, командирлер, қолбасшылар, партизандар, қарапайым халық өкілдері, 1934

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жылы белгіленген ең жоғарғы атақ – Кеңес Одағының Батыр атағын иеленеді.

Ұлы Жеңіс әкелген құндылықтар туралы айтқанда ойға ең алдымен сол бір қантөгіс, жиһангерлік соғыстан аман қайтқан ағаларымыз бен апаларымыздың соғыстан кейінгі қоғамдық өмірдің әр саласында атқарған.

Ер есімі - ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, құрметтейді! Біз өз халқы үшін жанын қиюға барған батырларды құрметтеп, қадір тұтуымыз керек. Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына орай ата-бабаларымыздың ерліктерін, елі үшін жанын қиған адамдар мәңгі жадымызда.

Қанша жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстайтынымызға сенемін.

Сулейманова Диана

11 сынып, Бестөбе кентінің №1 орта мектебі
Ақмола облысы, Степногорск қаласы
Жетекшісі: Мұхаметжарова Алмагүл Байжановна

Жеңіс туы, мәңгілік сен желбіре.
Соғыс. Үрейлі шақ, қара түнек,
қорқыныш бойымызды барды үдеп.
Қираған қалалардың ортасында
үйіліп бүр төбешік қалады тек.
Созылады соғыс ұзақ шақырымға,
шегінді сұм фашистер батып мұңға.
Қос жаудың орындалмай ойлағаны,
әділдік жеңіп шықты ақырында!

Соғыс. Қандай ызғарлы сөз едің. Бұл сөзді естігенде, «елім», «жерім» деп жер құшқан қаншама азаматтар еске түседі. Ел шетіне жау тиген кез қандай ауыр әрі кенеттен, тосын болған қайғылы, ауыр шақ еді. Бірақ рухы биік халық еңсесін түсірмеді. Сол кезде «мен қазақ, сен орыс» деп бөлінбейтін бейбіт, тату ел жұмыла бірігіп, фашистік Германияға бірлесе тұра білді. Осы ынтымақтың арқасында Кеңес өкіметі жеңе білді. Бұл бір ғана ұлттың, бір ғана халықтың жеңісі емес. Дүниені дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысын бұрынғы Кеңес өкіметінің тарихы деп санамыздан өшіру, ұмыту мүмкін емес.

Соғыстың қасіреті бейбітшілік сүйген адамзат тағдырына ұмытылмастай етіп, мәңгіге жара салды. Басқа ұлттармен қатар ел үшін, жер үшін қазақтың қаншама жігіттері мен қыздары қанды майданға аттанып жатты.

Ұлы Отан соғысы жайында айтылғанда, бірден Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған батыры, халық қаһарманы бауыржан Момышұлының «Біздің жүрегіміз темір емес, бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол- Отанға деген сүйіспеншілік» деп жазғаны есімізге түседі.

Соғыстың алғашқы күнінен бастап-ақ мыңдаған қазақстандықтар барлық майдандарда басқыншыларға қарсы кескілескен ұрыс жүргізді.

Ұлы Отан соғысы жайында айтылғанда бірден Ұлы Отан соғысында Рейхстагқа Жеңістің туын желбіреткен қарапайым солдаттың бейнесі келеді.

Жас офицер Р.Қошқарбаев өзінің досы Г.Булатовпен бірге Рейхстаг терезелерінің біріне алғашқы туын қадады. Біз, жастар, бұл ерлікті әрқашан мақтан тұтатын боламыз. Сағадат Нұрмағанбетов Қазақстан Республикасы қарулы күштерінің бірінші министрі болды. Ол да соғысқа қатысып, Берлин операциясы үшін оған Кеңес Одағының батыры атағы берілді. 18 жасар

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Елеусізов те Днепрден бірінші өткені үшін бірден Сталин оған қаһарман атағын берді.

Балтабек Жетпісбаев Бауыржан Момышұлының полкінде болған. Қыста полкқа қарды тазалап, жол ашқан ұзын бойлы, еңселі азаматымызды да біз ешқашан ұмытпаймыз.

Ұлы Отан соғысында қазақстандықтардың ерлігі зор болды. Қазақстан- Сталинград майданының ең жақын тылы болды. 1942 жылдың күзінде ауқымы жағынан адамзат тарихында болып көрмеген Сталинград түбінде ұрыс жүріп жатты. Қазақстан Сталинград облысымен 500 шақырым бойына шекаралас еді. Сондықтан Сталинград майданына батыс Қазақстанның ресурстары кең ауқымда тартылды. Сталинград майданында шайқасқан 29-шы және Алматының 38 атқыштар дивизияларының даңқы шықты, екеуін кейін 72-ші, 73 гвардиялық дивизияны полковник Ғани Сафиуллин бастаған еді. Ерлігі үшін дивизия «Сталинградтық» деген құрметті атаққа ие болды. Дәл осы кезде Қарағандылық ұшқыш Нүркен Әбдіров ерлігін атап өтуге болады. Қарсыбай Сыпатаев та өшпес ерліктің үлгісін көрсетті.

Кеңестік Шығыс әйелдері арасынан Кеңес Одағының батыры атанған Қазақстанның батыр қызы, пулеметші Мәншүк пен қазақтың батыр қызы, мерген Әлия жасаған ерліктерін сәби бүлдіршіндердің өздері де біледі, мақатанады деп ойлаймын. Қазақ қыздарымыз дәл солардай болсын деген ниетпен қос ару, батыр қыздарымыздың есімімен қаншама аталған қыздар бар.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі қыздар авиapolкының жауынгерлеріне Ресейдің тұңғыш Президенті болған Б.Н.Ельцин «Ресей халқының қаһарманы» деген атақты берген еді. Осы авиapolктың құрамында ерлік көрсеткен қазақ қызы, батыс қазақстандық Орал қызы Хиуаз Доспанова да болған еді. «У-2» ұшақпен ұшу тактикасын орыс ұшқыш қыздары осы жерлесімізден мол тәжірибе алған еді. Сол қызымызға жеңіс аяқталғанына көптеген жылдар өткеннен кейін барып Елбасы Н.Ә.Назарбаев еңбегін бағалап, «Халық қаһарманы» атағын берген еді. Сол атақты біраз күндер ғана медеу қылған апамыздың жайы қатты өкінішпен айтатындай болып отыр. Әр ардагер уақытымен бағаланса, олардың да мерейі, бізге де мақтаныш болар еді.

Брест қамалын қорғаушылар арасында Қазақстандық А.Наганов, В.Фрусов, Қ.Тұрдыев және де басқа да ерлік көрсеткен қорғаушыларымыз болды. Біз бәрін де мақтан тұтамыз, өзімізге үлгі-өнеге етеміз.

Қазақстандықтар майдан шебінде ерлік көрсетіп қана қоймай, майданға және басқыншылықтан азат етілгендерге көмегін аямады. Шымкент теміржол торабының комсомолдары «Қазақстан комсомолы» танк колонасына қаржы жинап берді. Қазақстан жастары жойқын ұшақ эскадрилиясын жасақтауға жинап берген қаржы көлемі де ауқымды болды.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

«Қазақстан комсомолы» деген жазуы бар 45 жауынгерлік машина Сталинград майданының жауынгерлеріне табыс етілді.

Соғыстан кейін де зардап шеккен 12 қала мен 45 ауданды Қазақстан тұрғындары қамқорлыққа алды. Сонымен қатар Қазақстанға көшірілген поляктар, немістер басқа да ұлт өкілдері мыңдап болды.

Жастарға үлгі ету, ешкім де , ештеңе де ұмытылмас үшін еліміздің білім ошақтарында ғана емес, көпшілік жиналатын орталықтарда , бұнымен қатар көше , Жеңіс майдангерлеріне арналған тақта бар

Әр жасалған ерлік мәңгілік халық есінде. Сұрапыл соғыста жауынгер ерлік көрсетсе, тылда әйел-аналар масақ теріп, бала тәрбиелеп, соғыстағы ерлерін күтумен болды. Майданға азық жіберіп, жеңіске өз үлестерін қосты. Ендеше, бүгінгі әрбір жас осы ерлікті мақтан етіп, жадымызда сақтайық. Бойымызда елге деген құрмет зор болып, әр жас өз елінің нағыз патриоты бола білсін.

Түрекеш Ботагөз

10 сынып, Атбасар қаласы
«Мектеп жанындағы интернатымен
№8 орта мектеп» КММ Ақмола облысы
Жетекшісі: Жакина Раушан Төлеубаевна

Ұлы Отан соғысындағы халқымның өміріндегі соғыс тауқыметі

Өмірі – ұрпаққа өнеге.
Соғыстың аты соғыс қой,
Жалмады талай арысты.
Мылтықтың оғы босқа ұшпай,
Өлім мен өмір алысты

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет – журнал материалдары немесе радиотелехабарлар және кинолар аталарымыздың ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізген. Содан бері 70 жылдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр,
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Ардагерлердің жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, жауды жеңіп, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Соғыс – ең қорқынышты, үрейлі, қасіретті сөз, себебі соғыс көптеген адамдардың өмірін қиған.

Кеңес елі, қазақ жауынгерлерінің соғыста жан аямай ерлік көрсеткені туралы Отан әдебиетінде кеңінен жазылған. Сол әдебиеттер арасында ұлтымыздың біртуар көрнекті азаматы, жазушы Ғабит Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» атты шығармасы елі үшін қан төккен қазақ жауынгерінің ерлігін кеңінен баяндайды.

Әлі күнге дейін «соғыс» деген суық сөзден арыла алмай келеміз. Осы төрт жыл ішінде қаншама жастардың болашағы бір – ақ сәтте жоқ болды. Ұлы Отан соғысына Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова секілді қазақтың батыр да, қайсар, өжет қыздары қатысқан. Отан үшін отқа түскен ата – бабаларымыздың есімдері мәңгі жүрегімізде қалады.

1941 жылы Фашистер таң сәріде Отанымызға басып кіріп, бейбіт жатқан халыққа зор қасірет алып келді. Оттан да ыстық Отан үшін жауынгерлер майдан даласына кіріп кетті. Біздің еркіндіктің туын көтерген азат елде өсуіміз, жүректері Отан деп соққан, жүрек жұтқан батырлардың арқасында.

Жеңіс күні – соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?! Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын. Табан ет, мандай термен келген осы Ұлы Жеңіске қаруымен де, қаламымен де үлес қосқан, аты аңызға айналған қаһарман жазушыларымыздың бірі де, бірегейі – Бауыржан Момышұлының қаһармандық рухы ұрпақтан – ұрпаққа өнеге болады деп санаймын.

Умарова Балзира

Ақмола облысы, Степногорск қ. №2 құрылыс-техникалық
колледжінің 3 курс студенті

Жетекшісі: Дошумова Ақмарал Болатқызы

Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп қызмет етуден аянба
Б.Момышұлы

Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтарымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр-қайратының бірлігінің дәлелі.

Бұл соғыстың азабын таартпаған қазақ жоқ шығар. Қазақ халқының тарихын күрт өзгерткен, бұрылыс әкелген миллиондаған отандастарымыздың Баликов Умар да бар еді 1945 жылы әлем үшін қуаныштыда, естен кетпес күн, яғни бұл күндері біздің ер жүрек ата-бабаларымыз, аға-әпкелеріміз барлықтарына өздерінің жерлері үшін Отаны үшін қандарын төкті, азап шекті, қыстың анау ызғырына шыдап бағып төске өрледі. Жүректерінде «біз жеңеміз» деген ой өрледі. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышымен дәлелдеді. Жауға қарсы шайқастар алыстағы ауыл мен кең байтақ далаларда да жүріп жатты. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісі, еңбегімен соққан еңбекшінің ерлігі ұмытылмайды.

Батырлық – жеке адамға тән патриоттық қасиет. Батырлардың ерлігі қазақ ауыз әдебиетінде ежелден жырланып келеді. Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын, Қамбар батырлар қалмақ, монғол басқыншыларына қарсы күрестегі ерлігімен көзге түсті. Бұлар халықты жауға қарсы жұмылдырды, елдің еңсесін көтеріп, есін жиғызды, кек алуға шақырды. Ұлы Отан соғысының (1941-1945) қаһарман батырлары арасында 500-ге жуық қазақстандық болды. Олардың қатарында Шығыстың қаһарман қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметова да бар.

Жерлесіміз Талғат Бигельдиновке Кеңес одағының Батыры атағы екі мәрте берілді. Жау қоршауында қалған кіші сержант Е.Сиқымов жалғыз өзі екі сағаттан артық ұрыс жүргізіп, алпыс фашисті жайратты.

Белоруссия жерінде старшина І.Айтықов бес жолдасымен жаудың 3 офицері мен солдатын жойып, плацдармды басып алды. Біздің әскерлер Двина өзенінен аман өтті. Қарағандылық М.Мамыраев, ақмолалық А.Құрманов, петропавлдық Е.Дәуітов, ақтөбелік Қ.Жазықов Днепрден өтерде осындай ерлік жасап, біздің әскерлердің жау шебін бұзып өтуіне жол ашты.

Қазақтардың ерлігінің жұртшылыққа кеңінен таралуы 1941-1945 жылдардағы Отан соғысымен тығыз байланысты. Фашист басқыншыларына

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

қарсы қантөгіс күресте теңдесі жоқ ерліктеріне лайық ең жоғары атақ – Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Кеңес одағы бойынша соғыста 27 млн.адам опат болса, оның 13 %-ы қазақ болды. Қазақстаннан 1 196 164 адам әскер қатарына алынды. Қазақстаннан 500 адам Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Оның ішінде 97-сі қазақ.

Бауыржан Момышұлы И.В.Панфиловтың жақын шәкірті, гвардия полковнигі, әскери жазушы. Б.Момышұлының жауынгерлік, батырлық өмірі ғажайып істерге толы: ол жауынгерлерді 207 рет ұрысқа бастап кірген; 5 рет қоршауда қалып, оның бәрінде қоршауды бұзып шығып, өз ортасына оралған; 7 рет жараланып, 3 рет ауыр контузия алған. Алматыда жасақталған 316-шы 8-гвардия атқыштар дивизиясының 28 панфиловшы –батырларының өшпес ерлігі Мәскеу түбінде қаһармандық пен табандылықтың жарқын үлгісі болды. Бұл – ежелгі батырларға ғана тән, адам нанғысыз, керемет аңызға лайық емес пе?! Жаудың елу танкісіне қарсы жекпе-жек шайқасқан 28 батырдың жиырма екісі қазақстандық. Олардың ішінде 4 қазақ жауынгері: Н. Есболатов, Ә. Қосаев, М. Сеңгірбаев бар.

Мәлік Ғабдуллин мен Төлеген Тоқтаровтың Мәскеу түбінде жасаған ерліктері де ел аузында аңызға айналды.

Қазақ ұшқышы Н.Әбдіров Сталинград шайқасы кезінде әуе ұрыстарында өртенген самолетімен (ұшағымен) алдыңғы шепке бара жатқан жаудың көп техникасының күлін көкке ұшырды. Ленинград түбіндегі соғыста С.Баймағамбетов еңбектеп барып жаяу дзотының амбразурасын денесімен жапты.

Біздің жауынгерлер жау шебін бұзып өтті. Бұл ерлікті С.Есқалиев, А.Сухамбаев қайталады.

Жау танкісінің астына өз денесін төсеп қаза тапқан 7 жауынгерлердің ішінде Қ. Спатаев, А.Үсенов болды.

Сонау ғасырларда аталарымыз жете алмаған арманға міне біз жеттік. Қандай тамаша дербес, мемлекетіміз бар. Отанымыз, туған тіліміз, отбасымыз қасымызда қандай бақыттымыз. Осылардың бәрі ата-бабаларымыздың арқасында деп білемін. Біздің ата-бабаларымыздың батырлықтарымен жаңалықтары, өз Отаныма деген шексіз сүйіспеншіліктерге Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің себебі.

«Ел басына күн туып, етігінен қан кешкен, ат басына күн туып, ауыздығынан су ішкен» ауыр сын кезеңде біздің ондаған мың жерлестеріміз кешегі ортақ Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі, жер бетіне бейбіт өмір орнауы жолында кеуделерін оққа тосты. Олардың көпшілігі қан майданнан оралмады.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Қиямет пен қырғын қан төгістен арылып, армандап жеткен жеңісімізге биыл 71 жыл толады. Осы жеңісті ашық аспан астында, бейбіт өмірде тойлағанымыз үшін ардагер ата-әжелерімізге айтар алғысымыз шексіз.

Шуйнші Елік

7сынып Ново-Александровка №2 орта мектебі

Ақмола облысының Атбасар ауданы

Жетекшісі: Хамбар Сайрагуль

Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 71 жыл, басталғанына 75 жыл

Жауды жеңіп табиғат сап,
Жермен –жексен еткен ерім
Қуан, қуан, күлші сақ-сақ,
Шын жеңіске жеткен елім

Соғыс - күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет- журнал материалдары радио, телехабарлар , кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә содан беріжарты ғасырдан астам уақыт өтсе де,ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Осыдан жетпіс бір жыл бұрын ,дәл таң қыла бергенден фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғыста біріншілердің бірі болып Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық- шекарашылар қарсы алған еді. Соғыс өрті кенеттен тұтанғанымен Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты алғашқы күннен – ақ жұдырықтай жұмылды. Республиканың түпкір- түпкірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да, соғысқа сұранды. Біз соғыстың тек қана майдан жерінде ғана емес, тылда да жүргенін айқын білеміз.

Гитлерліктер КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін , Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығын жаудың қолына бермеу үшін тылға көшіре бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстан аумағына жүз қырық екіге жуық кәсіпорын жайғасты. Ер азаматтардың барлығы армия қатарында болғандықтан , зауыттарда әйелдер, қариялар мен жасөспірімдер тынбай тер төкті. Еңбек тәртібі қатайтылды , жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық , жиырма үш сағаттық жұмыс күні бекітіліп, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ел «Бәрі де , майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!», деген ұранмен еңбек етті.Сол кездегі Кеңес Одағының халықтарының тұтасқан бірлігі мен мызғымас достығы, халық пен әскердің жаппай ерлігі Жеңісіміздің кепілі болды. Гитлер және оның төңірегіндегі дүлейлер Кеңес елін «Тұтқиыл» шабуылмен талқандап, әлемдегі тұңғыш социалист мемлекетті құртып жіберуді, совет адамдарын құлға айналдыруды, Кеңес елін герман империализмінің отарына айналдыруды ойлады. Бірақ , совет халқы міз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

бақпай, анталап келген жауға айбындылықпен қарсы тұрды. Халық Коммунистік Партиясының басшылығымен өзінің Отанын қорғауға батыл бел буып шықты, әділетті азаттық соғысқа жұп жазбай тұтаса көтерілді. Бұрын болып көрмеген табандылық пен қайсарлық көрсетті. Осындайсұрапыл соғыс күндерінде халқымыз майдан мен тылда жеңіс үшін! Керекті жағдай жасаудың ауыр жүгін көтерді. Майданға кеткен талай мыңдаған жұмысшылар мен шаруалардың орнына шексіз қиын, ұйқысыз, ас-сусыз еңбек вахтасында әйелдер мен балалар, мүгедектер мен зейнеткерлер тұрды. Әр отбасының басшысы майданда болды. Біз ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңе теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес Одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Жерім, менің іргемде,
Ел, ер болып сақтаймыз.
Сенен аяр жанда жоқ,
Барлығыда сен үшін.
Саған қауіп төнгенде,
Жау таянып келгенде.
Қамсыз тыныш жатпаймыз,
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып, үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нұрпейіс Байғанидің өлеңінен Отанға деген ыстық махаббатты сезе аламыз.

Сондықтан, сол кездегі адамдарға тәулік бойы жұмыс істеуге тура келді. «Бір минут ішінде сен соғысқа дейін бір сағатта істегенінді істеуге тиіссің!» деген бұйырықпен еріксіз жұмыс істеулерге қарамастан асқан шыдамдылық танытып, ешқандай қысым көрсетуісіз- ақ ұйымшылдықтың асқақ үлгісін көрсетті.

Басталды ойсыз жерден мына соғыс,
Отырмыз Сталинде болып қоныс.
Ештеңе көрмеген әйел сорлы,
Шахтада ұйымдасып болдық таныс.
деген жолдардан еңбекшілердің мұң-зарын сезуге болады.

«Біз кеңес адамдарымыз, біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады.... Біздің үрейді жеңетін күшті қаруымыз бар, ол- Отанға деген сүйіспеншілік!»-деп

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

еліне, жеріне деген шексіз махаббатын, құрметін майданда дәлелдеген, бүкіл әлемді мойындатқан халқымыздың бітуар азаматы, қайталанбас тұлға Бауыржан Момышұлының орны өте бөлек. Ол туралы Мұхтар Шаханов былай деді:

Көз жұмғанша ел мүддесін ту ғып ұстап қасарған,
Ар мен намыс сөз болғанда өзіңнен кім аса алған.
Бір ғажабы: қан майданда көзсіз батыр атанып,
Куәлігін жарты ғасыр кеш алған.

«Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты» деп Баукеңнің өзі айтқандай оның есіміел жүрегінде мәңгі сақталды.

Қолын кессең бір сөз айтпас,
Шын қаһарман ер жігіттер.
Аз болмады қазақта,
Төсін оққа төсеген

- дегендей батыр аталарымыз С.Баймағанбетов, Д.Шыныбеков, С.Жылқышев, Т.Мырзаев. , Р.Қошқарбаев және тағы басқа бабаларымыздың есімдері алтын жұлдыздың сәулесімен шағылысып, өткен ғасырдың сұрапыл күндерін еске салады.

Неменеге жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.Қариялар азайып бара жатқанын, олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен атаның туын жықпай,ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпады. Еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жығыпжеңістің таңбасын басқан күн- Жеңіс күні! Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн!

Сондықтанда бұл Ұлы Жеңіс, Ұлы мереке! Сұрапыл соғыста «Ел басына күн туғанда, етігімен су кешкен» ерлер мен ер жүрек қыздардың ерлігі мәңгі сақталады. Елімізде бейбіт, тыныш өмір жалғаса берсін! Жеңіс құтты болсын!!